



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Сапар

Сенат төрағасы Сыр елінде



Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев облыс жұртымен, еңбек ұжымдарымен, мәслихат депутаттарымен, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерімен және өңірдегі дарынды жастармен кездесті. Кездесулерде Мемлекет басшысының «Turkistan» газетіне берген сұхбатында айтылған бастамаларды, сондай-ақ елімізде жүргізіліп жатқан өңірлерді орталықсыздандыру бағдары мен Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясындағы тапсырмаларды іске асыруға қатысты мәселелер талқыланды. Одан бөлек бірқатар маңызды бағыт бойынша Сенаттың мәслихаттармен бірлескен жұмысының негізгі басымдықтарына мән берілді.

Палата спикері мәслихат депутаттарымен және халықпен кездесуде Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған реформаларды сапалы іске асыру үшін барлық мүдделі тараптың бірлескен жұмысы ерекше мәнге ие екенін айтты. Сондай-ақ ол Президент «Turkistan» газетіне берген сұхбатында белгіленген берген міндеттерге назар аударып, цифрландыру, жасанды интеллектті дамыту және Қазақстанды цифрлық державаға айналдыру жөніндегі бастамалар аясында күш біріктірудің маңызына назар аударды.

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде кешенді реформалар іске асырылып жатыр. Басты мақсат – әділетті мемлекет, тиімді экономика және жауапты басқару жүйесін қалыптастыру. Мемлекет басшысы «Turkistan» газетіне берген сұхбатында еліміздің қазіргі ахуалына және алдағы даму бағдарына кеңінен тоқталды. Мемлекет басшысының барлық бастамасы Қазақстанды әділетті, демократиялық, ашық мемлекетке айналдыруға бағытталған. Сондықтан Мемлекет басшысы жүзеген міндеттерді сапалы іске асыру үшін сенаторлар мен мәслихат депутаттарының жүйелі өзара іс-қимылы және бірлескен жұмысын белсенді түрде жал-

ғастыра береміз, – деді Мәулен Әшімбаев.

Сенат төрағасы Мемлекет басшысының тапсырмасымен өзінше, фискалдық және салық саясаты толығымен қайта қаралған жаңа Бюджет, Салық кодекстерінің, сондай-ақ қабылданған басқа да заңдардың маңызына назар аударды. Палата Спикері Президенттің өңірлерді орталықсыздандыруды және олардың дербестігін арттыруды көздейтін бұрын-соңды болмаған бағдары мен «Қуатты өңірлер – қуатты ел» қағидатының негізгі мәнін де тілге тиек етті. Мұндай қадам өзекті мәселелерді жедел шешу жолында бюджеттік дербестікті және қабылданған шешімдер үшін жауапкершілікті арттырады, сондай-ақ жергілікті билік институттарының рөлін нығайтады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аймақтардың құзыретін күшейтіп, бірқатар өкілеттікті орталықтан өңірлерге беруді маңызды міндет етіп белгіледі. Осыған байланысты жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік дербестігін кеңейту үшін ауқымды өзгерістер орын алуда. Соның нәтижесінде салықтар мен төлемдердің 25 түрі жергілікті деңгейге, оның ішінде аудандар мен ауылдарға берілді. Ең осал аймақтарға стандартты даму деңгейіне жету үшін көбірек ресурстар

беріледі. Мұндай тәсіл инфрақұрылымдық олқылықтарды барынша азайтуға және елді мекендердің дамуын нақты жоспарлауға жол ашады. Өңірлердің кірістерінің 70 пайызы аудандық деңгейде және облыстық маңызы бар қалаларда шоғырланған. Бұл – жергілікті әкімдерді бизнес ортаны дамытуға және табыс базасын ұлғайтуға ынталандыратын қадам. Осындай ауқымды жұмыста мәслихаттарға үлкен жауапкершілік жүктеледі. Бұл ретте Мемлекет басшысы берген тапсырмалардың сапалы әрі уақытылы іске асырылуын бақылауды күшейтудің маңызы зор, – деді Сенат төрағасы.

Кездесуде М.Әшімбаев саяси жаңғыру жолындағы тағы бір маңызды мәселе, яғни парламенттік реформа жөнінде айтты.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халыққа арнаған Жолдауында бір палаталы Парламентке көшу мәселесін қоғам мен сарапшылар талқылауына шығаруды ұсынды. Бұл бастама демократиялық институттар мен тетіктерді нығайтуға бағытталған дәйекті реформалардың қысқынды жалғасы екені анық. Осы жолда кеңейтілген өкілеттіктерге ие Парламент маңызды рөлдердің бірін атқарады. Реформа аясында Кон-

ституцияның 40-қа жуық бабына өзгерістер енгізіледі. Бұл мәселе бойынша түпкілікті шешім халықтың пікірін ескере отырып, референдум арқылы қабылданады. Жалпы парламенттік реформа өкілді билік тармағын одан әрі тиімді, икемді және заманауи сын-қатерлерге төтеп беретін жүйе ретінде күшейтуді көздейді, – деді Палата спикері.

Мәулен Әшімбаев Қызылорда облысының экономикалық өсу перспективалары мен қарқынына назар аударып, жаңа даму тетіктерін жетілдірудің және азаматтардың әл-ауқатын арттырудың маңызды екенін атап өтті. Сонымен бірге кездесуге қатысушылар облыстың инвестициялық әлеуетіне, осы бағыттағы негізгі міндеттерге, олардың ерекшелігіне тоқтала келе, іске асырылып жатқан бірқатар жобаның тиімділігін және инфрақұрылымды жаңғыртуға, жолдар желісін, су мен инженерлік жүйелерді жаңартуға қатысты мәселелерді талқылады.

Өңірдің креативті жастарымен кездесудің жаңғырту процесінде білімді жас буынның рөліне, олардың бойына жасампаз құндылықтарды, жауапкершілік пен прогрессивті идеяларды сіңірудің маңызына және ескелен ұрпақты жүйелі қолдауға баспа мән берілді. Атап айтқанда, үздіксіз даму, цифрлық сауаттылықты арттыру және озық технологияларды игеру жөнінде кеңінен сөз болды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Өндіріс

Инвестиция игілігі алыс емес

Аймақтағы шағын аудан болса-дағы Жалағашта іске асқан ауқымды жоба аз емес. Мұнда егін егу мен төрт түлікті өрістедуден бөлек, кейінгі жылдары кәсіп ашуға ынталылар саны артқан. Қазір аудандағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектісінің саны 2800-ге жуықтап отыр. Осы салада 4219 тұрғын жұмыспен қамтылған.

35 мыңнан астам халқы бар Жалағашта былтыр өнеркәсіп өнімдерін өндіруші мекемелер мен кәсіпорындар және жеке секторлар арқылы 38 млрд 384 млн теңгенің өнімі өндірілген. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібі шаруашылықтардың күріш ақтау және «Өркен Әлем» ЖШС өндірген өнім есебінен 127 пайызға арты. Нәтижесінде 15 млрд, 571 млн теңгенің өнімі өндірілді.

Салада бөлшек сауда деген ұғым бар. Бұған аудан ішіндегі жанар-жағармай, газ құю бекеттері, дәрханалар, компьютерлік жабдықтарды сатумен айналысатындар кіреді. Ал оның көлемі өткен жылы 3 млрд 791,9 млн теңгеге орындалды.

«Негізгі капиталға тартылатын инвестиция көлемі өткен жылдың 11 айында 19 млрд 406 млн теңге, яғни 108,8 пайызға орындалды» дейді бізбен тілдескен аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Қайрат Жапбаббаев.

– Сондай-ақ мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында шағын және орта кәсіпті бастауға немесе жұмыс істеп тұрған кәсібін әрі қарай дамыту және жаңа бизнес идеяларды іске асыруға 400 АЕК көлемінде мемлекеттік грант берілетіні де өзіңізге белгілі. Бұл бағытта Жалағаш ауданында 264 жоба 4 млрд 391,2 млн теңгемен қаржыландырылды. Ал оның ішінде Мемлекет басшысының ауылдық жерлердегі тұрғындардың табысын арттыру туралы тапсырмасында көрсетілгендей, «Ауыл аманаты» жобасымен 166,5 млн теңгені құрайтын 33 жобаға қаржылық қолдау көрсетілді, – деді ол.

Бөлім басшысының айтуынша, аталған қаражат өңдеу бағыты, асылтұқымды мал шаруашылығы, ара балы өндірісі,



құс шаруашылығы және қызмет көрсету бағытына берілген. Соның нәтижесінде ел ішінде 35 жаңа жұмыс орны құрылды.

Бұдан бөлек «Ауыл аманаты» бағдарламасының «Amanates.kz» цифрлық платформасына 31,4 млн теңгені құрайтын 5 жобаның (асылтұқымды мал шаруашылығы, кілем жуу және жарнама орталығы) құжаттары енгізілсе, қосымша 64 млн теңгені құрайтын 12 жобаның құжаттары жинақталуда.

– Былтыр ауданда жалпы құны 1 млрд теңгені құрайтын 4 инвестициялық жоба іске асты. Алғашқысы – құны 150 млн теңге болатын «Ер-Әлі» шаруа қожалығының күріш ақтау және жем өндіру зауыты. Қазір бұл іске қосылып, жаңадан 5 жұмыс орны ашылды. 50 млн теңгеге «Бейбарыс» жеке кәсіпкерлігі «Кондитерлік өнімдер шығару» цехын, 380 млн теңгеге «Тәтті» жеке кәсіпкерлігі сауда және ойын-сауық орталығын іске қосты. Сонымен қатар «Тан ЛТД» ЖШС-ның құны 422 млн теңгені құрайтын

мақсары майы, жүгері ұны және күріш лапшасын шығаратын «Өндірістік баз» жобасын айтсақ болады. Қазір оның жүгері ұнын шығаратын цехы іске қосылды, қалған жобалар өз кезегінде іске асырылмақ. Мұнда 10 жұмыс орны ашылды, – дейді салалық бөлім басшысы.

Быыл Жалағашта Ұлттық цифрлық инвестициялық платформа аясында «Агрохимсервис-С» серіктестігінің құны 905 млн теңгені құрайтын «Қоймалар және шатыр құрылысы» жобасын бастау жоспарланған. Бүгінде қоймалардың 90 пайыздан астам жұмысы аяқталды. Қытай елінен құрал-жабдықтардың алғашқы легі келді. Жыл аяғына дейін жобаны толықтай іске асыру көзделген.

Бұдан бөлек облыс әкімдігінің сүйемелдеуімен жоба құны 51 млрд теңгені құрайтын «Харвест Агро Холдинг» компаниясының техникалық қарасора, жүгері және сояны өсіру мен қайта өңдеу бойынша агроиндустриялық кластер құру жобасы іске асырылуда. Жоба екі

кезеңнен тұрады әрі оның қуаттылығы жылына 42 мың тонна техникалық қарасора, 70 мың тонна жүгері дәні және 20 мың тонна соя дайындауға жетеді. Қосымша 60 мың тонна шикізат өңдейтін және май сығу зауытын іске қосу жоспарланған.

Қазір облыс әкімдігі мен «Харвест Агро Холдинг» компаниясы арасында өзара ынтымақтастық туралы екіжақты меморандумға қол қойылды. Жер учаскесін рәсімдеу және су пайдалану лимиттерін растау жұмыстары да басталып кеткен. Жоба іске асқаннан кейін 150 адам тұрақты жұмыспен қамтылмақ.

Айта кетейік, мұның барлығы ауданда инвестиция тартумен қатар жұмыспен қамтылу көрсеткіштерінің орындалуына да өз септігін тигізеді деген сенім бар. Бұйырмаса, инвестиция игілігін көретін күннің ауылы алыс емес.

Ержан БЕКМЫРЗА

Әлем жаңалықтары

АҚШ Президенті Дональд Трамп Мексикадағы есірткі картельдеріне қарсы соққы жасауға дайындалып жатқанын мәлімдеді. Ол бұл туралы Fox News арнасына берген сұхбатында айтты. Бірақ ол нақты жоспарларды ашып айтпады. Сөзінше, бүгінде Мексикада жағдайды картельдер бақылап отыр. АҚШ жақын арада құрлықта соққы беруді бастайды. Ол бұл қадамды ұлттық қауіпсіздікпен байланыстырады. Алайда қандай күш қолданылатыны және қай аумақтар қамтылатыны ашық айтылмады.

АҚШ Мексикаға соққы жасамақ



Бұл мәлімдеме бірнеше айға созылған ескери науқан аясында жасалды. Соңғы айларда АҚШ әскери күштері Кариб теңізінде және басқа да аймақтарда есірткі тасымалдады деген күдікпен кемелерге шабуыл жасаған. АҚШ билігі кейбір соққыларды кемелерде Венесуэлада әрекет ететін Tren de Agua тобының мүшелері болғанымен түсіндірген. Аталған топ былтыр шетелдік террористік ұйым деп танылған.

Мексика Президенті Клаудия Шейнбаум бұл мәлімдемеге қатаң жауап қатты. Ол АҚШ әскерін Мексика аумағына енгізу идеясын үзілді-кесілді қабылдамайтынын айтты. Ол үшін елінің егемендігі бәрінен жоғары. Ол «Біз басқа елдердің ішкі ісіне араласуды түбегейлі жоққа шығарамыз. Латын Америкасының тарихы бәріне белгілі. Сырттан араласу ешқашан демократия әкелген емес. Ол халыққа бақ та, тұрақтылық та сыйламады. Әр халық өз болашағын өзі құруы керек. Өз жолын өзі таңдауы керек. Табиғи ресурстарына өзі иелік етуі тиіс. Мемлекетті басқару формасын да халықтың өзі еркін анықтауы қажет» деді.

Осыған дейін АҚШ Венесуэлада арнайы операция жүргізген. Операция кезінде Венесуэла Президенті Николас Мадуро мен оның жұбайы Каракас қаласында ұсталды. Кейін Мадуро Нью Йорктегі Бруклин тергеу ішкісіне жеткізіліп еліне қайтарылды.

Бұл әрекетті түсіндіруге тырысқан Трамп Монро доктринасын еске салды. Айтуынша, Америка құрлығы басқа державалардың араласуына жабық аймақ саналады. Сонымен бірге ол АҚШ дұшпандарына Венесуэлада қолданылған тәсіл қайта қайталануы мүмкін екенін ашық айтты.

Қазіргі таңда Нью Йоркте Венесуэла Президентіне қатысты сот процесі басталды. Тергеу нұсқасы бойынша оған есірткі терроризміне қатысы бар қастандық, кокаин контрабандасы, пүлемет пен жарылғыш заттарды сақтау және оларды АҚШ-қа қарсы қолданбақ болды деген айыптар тағылып отыр. Бұл баптар бойынша өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

Сотта Мадуро өзіне тағылған айыптарды толық жоққа шығарды. Ол өзін әлі де Венесуэланың заңды президентімін деп мәлімдеді. Оның жұбайы да кінәсіз екенін айтты. Екеуі де сот отырысына аудармашы арқылы қатысты. Судья келесі тыңдауды 17 наурызға белгіледі. Сонымен қатар консулдық қызметкерлермен кездесуіне рұқсат берілді.

Екі жылда ЖИ астанасына айналмақ

Бейжің билігі алдағы екі жылда жасанды интеллект секторын дамытудың ауқымды жоспарын жариялады. Мақсат – қаланы ЖИ-дың жетекші әлемдік орталығына айналдыру. Бағдарламалық құжатқа сәйкес, Бейжің ЖИ саласын қаржыландыру көлемін 1 трлн юаньға (шамамен 140 млрд доллар) дейін арттырмақ. Бұл былтыр 450 млрд юань көлеміндегі болжамды көрсеткіштен екі есе көп.



Жоба индустрияның негізгі сегменттерін қамтитын тоғыз стратегиялық бастаманы іске асыруға негізделген. Басты назар іргелі технологиялық жетістіктерге қол жеткізуге, деректер жиынтығының сапасын жақсартуға және ЖИ шешімдерін нақты экономикаға терең интеграциялауға бағытталған.

Техникалық дамумен қатар бағдарлама жоғары білікті мамандарды тарту, ұзақмерзімді капиталды жұмылдыру және ашық бастапқы коды бар экокүйелерді белсенді түрде қолдау бойынша бірқатар шараны қамтиды.

Бейжің даму және реформалар істері жөніндегі муниципалдық комитетінің басшысы Ян Сюлин түрлендірудің технологиялық негізі қуаттылығы 100 мыңнан астам чипі бар есептеу кластерін құру, салада 10-нан астам жаңа компанияның және 20-дан астам бірмүізді фирманың пайда болуы мүмкін екенін атап өтті. Қытай ақпараттық-коммуникациялық технологиялар академиясының мәліметінше, былтыр қыркүйектегі жағдай бойынша ЖИ секторында 5300-ден астам кәсіпорын жұмыс істеген.

«ЖЖ» ақпарат

Саладағы серпін — нәтижелі еңбек жемісі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында бұқаралық спортты дамытуға баса назар аударды. «Баршаңызға мәлім, мен бұқаралық спортты дамытуға баса мән беремін. Аймақтарда спорт нысандары бой көтеріп жатыр. Үйірмелер балаларға қолжетімді бола бастады. Ерекше қажеттілігі бар азаматтарға және егде адамдарға арналған спорт клубтары ашылып жатыр» деді Президент.



Бүгінде Мемлекет басшысы мен Үкімет тапсырмасының нәтижелері айқын байқалғандай. Қазір Президент бастамасын ілгерілету жұмыстары Сыр елінде, оның ішінде Жалағаш ауданында тоқтаған емес.

Жалағаш ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің мәліметіне сүйенсек, өткен жылы спорт саласында 3 республикалық, 6 облыстық және 80-ге жуық аудандық шара өткізу жоспарланған. Аталған жұмыстардың кейбірі артығымен орындалып, 20 мыңға жуық спортшы түрлі додаға қатысқан.

– 2024 жылы біздің ауданда спортпен тұрақты шұғылданушылар саны 14600 адамнан асты. Ал бытыр бұл көрсеткіш ұлғайды. Қазір 16 мыңға жуық, яғни аудан халқының 44 пайыздан астамы спортпен жүйелі түрде айналысады. Екіншіден, ауданда 135 спорттық материалдық-техникалық база тіркелген. Оның ішінде мың жарым орындық стадионымыз бар. Жазық алаң деп есептелетін бір спорттық ядро, 76 спорттық және 6 футбол алаңы жұмыс істейді. Екі спорт кешені, 31 спорт зал, 16 спорт бөлмесі, жабық бассейн және ипподром жалағаштықтарға тұрақты қызмет көрсетіп келеді, – дейді аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм

бөлімінің басшысы Жайдарбай Есенов.

Оның сөзінше, жалағаштық спортшылар бүгінге дейін қол добы, тоғызқұмалақ, асық ату, жеңіл және ауыр атлетика, бокс сынды спорт түрлерінен облыстық жарыстардан жеңісшіз (279 медаль) оралмапты. Жүлде қорында 67 алтын, 110 күміс, 60 қола медаль бар. Ал республикалық чемпионаттарда 13 алтын, 7 күміс, 4 қола, халықаралық жарыста 4 алтын, 1 күміс жеңіп алған. Гір тасын көтеруден өткен әлем чемпионатында 1 алтын, 1 күміс, 5 қола медаль иеленсе, Азия чемпионатынан 4 алтын, 2 қола медаль қоржыңға түсті. Аудан атын шығарып, үміт ақтаған үздік спортшылар қатарында А.Сейітхан, Н.Орынбасар, А.Мұңайтпас, Х.Шәкір, Н.Ғалымұлы, Ж.Дәуренбек, Е.Таңатар, А.Кенжебекова және Р.Теміржан есімді көптеген қыз-жігіт тұр.

– Өткен жылдың 18-22 тамызында Қызылорда қаласында ауыл спортшыларының облыстық «Алтын күз – 2025» спартакиадасы өтті. Мұнда біздің команда жүлделі II орын иеленді. Жалпы мемлекет қолдауымен аудандағы спорт саласына деген қамқорлық жетерлік. Айталық, аудан орталығында бытыр «Ауыл – ел бәсігі» жобасымен дене

шынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға берілді. Сондай-ақ Аққыр ауылында «Қазақстан халқына» қоры есебінен ангар типтес спорт зал салынды. Біздің бөлімге қарасты «Наркескен» спорт клубы жұмыс істейді. Тольқ құрамдағы жаттықтырушылар мен спорт нұсқаушылары бар. Бодыбай Құптекенов атындағы жабық бассейнде де ай сайын спорттық шаралар өтуде. Аудан тұрғындарының су спортымен айналысуына мүмкіндік толық жеткілікті. Жеңілдіктер де қарастырылған, – дейді Ж.Есенов.

Қуанарлығы соң ел ішіндегі бұқаралық спортты дамытуісі Жалағашта тынымсыз жүруде. Бөлім басшысы айтқандай, аудандық «Наркескен» спорт клубы мен кент және ауылдық округтердің спорт нұсқаушылары тұрғындардың тұрақты спортпен шұғылдануына көмегін көрсетіп келеді.

– Біздің мамандар барлық ауыл және кент орталығында бекітілген жылдық жоспарымен спорттық шараларды сапалы ұйымдастырып жүр. Сонымен қатар жоғары білікті спортшылар және спорт резервін әзірлеу бағытында Жалағашта олимпиадалық резервтік мамандандырылған жасөспірімдер спорт мек-

тебі жұмыс істейді. №13, №14 спорт мектептерінде барлығы 1 988 оқушы 14 спорт түрімен айналысса, «Наркескен» спорт клубында 843 спортшы 9 спорт түрімен шұғылданып келеді, – дейді бөлім басшысы.

Біз білетіндей, Жалағаштың орталық стадионы 1998 жылы салынған болатын. 2010 жылы күрделі жөндеуден өтсе, бытыр ғана аудандық бюджеттен тағы қаржы қаралыпты. Артынша осы қаржыға ғимарат сырты жаңартылып, жанкүйерге арналған 1500 орындық қайта орнатылды. Сондай-ақ стадионға жасыл алаң төсеу үшін аудан әкімі А.Ибраимовтың бастамасымен Қазақстан Футбол федерациясымен әріптестік байланыс орнатылып, екіжақты меморандумға қол қойылды. Осының арқасында стадион алаңы УЕФА-ның «Алап» жобасы негізінде 180 млн теңгеге қайта ауыстырылды. Бұдан бөлек аудандағы жабық бассейнді де жөндеу жұмыстары толығымен аяқталған. Қазір нысанды санитарлық және техникалық талаптарға толық сай деуге әбден болады.

Ержан БЕКМЫРЗА

Бәрекелді!

Бытыр Қазақстан ірі халықаралық спорттық жарыстар өтетін алаңға айналды. Бұл туралы туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов мәлімдеді. Айтуынша, шорт-тректен ұлттық құрама Азия ойындарындағы алғашқы алтын жүлдені жеңіп алса, фристайл-акробатика мен сөмсерлесу спорт түрлерінен тұңғыш медаль бұйырды. Сонымен қатар дзюдо, бокс, көркем гимнастика, мәнерлеп сырғанау, садақ ату және парабатлон бойынша жоғары нәтижелер тіркелді.

Спортшылар 50-ден астам тарихи жетістікке қол жеткізді



2025 жылы Қазақстанда бокстан және фристайлдан Әлем кубогі кезеңдері, дзюдодан Grand Slam турнирлері, сондай-ақ бірқатар олимпиадалық спорт түрлері бойынша халықаралық жарыс өткізілді. Бұған қоса елімізде алғаш рет Азия Паралимпиялық комитетінің конференциясы мен Бас ассамблеясы ұйымдастырылып, Қазақстанның Азиядағы инклюзивті спорт орталықтарының бірі ретіндегі мәртебесін нығайта түсті.

Балалар спортын қаржыландыру екі есеге жуық артады

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында Туризм және спорт министрлігі балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерін (БЖСМ) жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру жүйесін енгізуді және оларды аккредиттеуге қойылатын талаптарды белгілеуді көздейтін Заң жобасын әзірледі. Жан басына шаққандағы қаржыландыруға көшу балалар мен жасөспірімдер спортының материалдық-техникалық қамтамасыз ету деңгейін арттырады.



Мәселен, балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде бір спортшыға жылына орта есеппен 415 мың теңге бөлінеді. Қазіргі сметалық қаржыландыру кезінде бұл көрсеткіш орта есеппен 233 мың теңгені құрайды.

Айта кету керек, қазіргі уақытта Туризм және спорт министрлігі – сметалық қаржыландыру жүйесін қолданып отырған жалғыз мемлекеттік орган. Осыған байланысты саланы басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында жан басына шаққандағы қаржыландыру жүйесіне ауысады.

Жобаны іске асыру жергілікті бюджеттерден қосымша қаражат бөлуді талап етеді. Аталған шығындар республикалық бюджеттік комиссияның шешімімен қолдау тапты, ал қажетті қаражат жергілікті бюджеттер есебінен бөлінеді.

Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды еліміздегі барлық БЖСМ-да биыл 1 қаңтардан бастап енгізілді.

«Қайрат» қос командамен жолдастық кездесу өткізеді

«Қайрат» футбол клубы БАӘ-де оқу-жаттығу жиынын өткізуде. Команда сапында Дастан Сәтпаев, Олжас Байбек пен Азамат Тұяқбаевтан басқасының бәрі бар. Үш ойыншы жарақатына байланысты ем алуда.

Алдағы уақытта отандық команда Парсы шығанағында екі мәрте жолдастық кездесу өткізуді жоспарлаған. Кеше Әзербайжанның «Нефтчи»мен кездессе, алдағы аптада сәрсенбінің сәтті күні Хорватияның «Вараждинасымен» шеберлік байқасады.

Жалпы биыл «Қайраттың» алдында екі үлкен мақсат бар. Алдымен өткен жылы маусымда Қазақстан премьер-лигасында жеңіп алған чемпиондық атағын биыл да сәтті қорғау керек. Келесі кезекте УЕФА Чемпиондар лигасында мүмкіндігінше мол ұпай жинауға күш салуы тиіс.

Қазіргі таңда Рафаэль Уразбахтинның командасы алты ойынның қорытындысымен бір ғана ұпайға иелік етті. Осы жарыс аясында «Қайрат» 20 қаңтарда Бельгияның «Брюг-гесін» қабылдайды. Араға сегіз күн салып Лондонға жолға шығады. Онда отандық команданы «Арсенал» күтіп отыр.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Футзал

Жалағаш жарысты жеңіспен аяқтады



Апта басында аймақтағы мектеп директорларының орынбасарлары Жалағашта бас қосты. Бұл басқосудың басты мақсаты білімге емес, спортқа саяды. Қызылорда қаласы мен 7 ауданнан жеткен сала қызметкерлері футболда өзара мықтыны анықтады. Дүйсенбіде жеребе тартып, қос топқа бөлінген командалар сейсенбінің таңында доданы бастап кетті.

Зейнолла Жарқынбаев атындағы №202 орта мектепте өткен тартысты ойында тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығының директоры Фархат Досаев пен аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Садықов қатушышыларға сәттілік тілеп, жарыстың маңыздылығына тоқталды.

– «Спортпен тек сала қызметкерлері айналысуы керек» десек қателесеміз. Бұл – салауатты өмір салтын қалыптастыруда да ерекше маңызға ие сала. Осыдан-ақ бүгінгі жарыстың мән-маңызына көз жеткізуге болады. Бұл жолы дене шынықтыру пенінің мұғалімдері емес, мектеп директорларының орынбасарлары өзара мықтыны анықтамақ. Қызылорда қаласы мен жеті ауданнан түгел командалардың келуі ұстаздардың да спорттан қаражау емес екенін, сондай-ақ олардың бұл шараға күрметін анғаруға болады. Кеше командалар жеребе арқылы қос топқа бөлінді, енді бүгін шешуші сәт болғалы тұр. Сондықтан баршаңызға жарыс жолында тек сәттілік тілеймін, – деді Фархад Досаев.

Мұнан кейін қос қапталдағы төрешілер қатысушыларға ойын шартын түсіндіріп, жарысты бастап кетті. Әр команданың өзіне тән ойын өрнегі футболда анық байқалады. Тіпті бір-бірімен түсінісіп ойнауы жарысқа дейін дайындықты жақсылап пысықтап алғанынан хабар береді.

Не керек, түске дейін қос топтан қос командалардан келесі кезеңге жолдама

алды. Екі ойында қарсыласына есе жіберіп, бір кездесуде тең тарқасқан аралдық командалың қорқынында 1 ғана ұпай бар. Бірақ келесі кезеңге өту мүмкіндігі де жоқ емес еді, ол үшін соңғы қарсыласын 10:0 есебімен тізе бүктіріу тиіс. Ал Қазалыдан келген ойыншылар Аралды ұтса да, ұпай санына байланысты келесі кезеңге өте алмайды. Ауылы аралас, қойы қоралас қос команда арасындағы бәсекеде ө дегеннен аралдық ойыншылар допқа иелік етуде басым болды. Тіпті бірінші болып есеп ашты да, мұнан кейін Қазалының қақпашысы сыр алдырды, яғни қақпаға бағытталған соққының ешқайсысын тоса алмады. Бірақ соңында екеуі де жарыс жолын осы ойында тәмамдады. Енді өзіміздің жалағаштық командаға оралайық.

Бұл сайыста жалағаштық жігіттер жарады. Сырдария мен Шиеліден 6 ұпай еңшілеген жерлестеріміздің топтық кезеңдегі қорытынды ойыны Жаңақорғанмен өтті. Кездесуде ө дегеннен қонақтар есеп ашып үлгерді. Бірақ көп ұзамай таразы басы қайта теңесті. Не керек, бұл ойын драмаға толы кездесу болды. Қонақтар есеп ашты, артынша жігіттер таразы басын теңестірді. Мұнан кейін Жаңақорған қайта алға шыкса, Жалағаш кезекті голын салып жатты. Соңында тең тарқасты, есеп – 4:4.

Бұл топтан Жалағаш турнирлік кестеде 7 ұпаймен көш бастады. Жартылай финалға Жаңақорған екінші орынмен жолдама алды. Ал Шиелі мен Сырдария

үшін жарыс осы жерден тәмам.

Аралдың жайын жоғарыда айттық, сондықтан бұл топтан келесі кезеңге Қызылорда мен Қармақшы өтті. Әдеттегідей топтық ойында қарсылас шақ келтірмеген Қызылорда турнирлік кестеде көш бастады. Ал Қармақшы гол санымен келесі кезеңге табан тіреді.

Жартылай финал әдеттегідей зал жиегінде тек ойыншылар емес, жанкүйерлердің де қатары көбейді. Ақтық мөренің жолдамасын ең әуелі Қармақшы мен Жалағаш сарапқа салды. Бірінші болып көршілер есеп ашқанымен оның жауабы да көп ұзамай берілді. Мұнан кейін тағы да жалағаштық жігіттер есепті еселегенімен Қармақшы таразы басын қайта теңестірді. Соңында Жалағаш командасы ойынның нүктесін қойып, 3:2 есебімен ақтық мәреге жолдама алды.

Мұнан кейін қос команда залды Қызылорда мен Жаңақорғанға босатты. Бас шаһарда білім ошағы көп, сондықтан бұл жарысқа оларға команда жасақтау қиына соқпайтыны бәсеңден белгілі. Ал аудандар үшін бұл қиынға соғатыны айтпаса да түсінікті, өйткені бұл дене шынықтыру пені мұғалімдері арасындағы сайыс емес. Бірақ Жаңақорғанның жігіттері бұл додаға тыңғылықты дайындықпен келгені көрініп-ақ тұр, ойыны да жинақы, қимылы да ширақ. Бастысы, алаңда командалық түсініктің лебі еседі.

Ақтық мөренің жолдамасын сарапқа салған қос команда арасындағы ойын тартысқа толы болды. Тіпті бұл ойында

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Таным



Ұлы даланың төсінде ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан үн бар. Ол – желмен жарысқан жыр, уақытпен тілдескен толғау. Сыр өңірі – сөздің құты қонған, жырдың желісі үзілмеген қасиетті мекен. Бұл өлкенің әр қарыс топырағы тарих сөйлетіп, әр белесі толғау тудырғандай. Қазақтың байтақ даласында жыраулықтың жүгін көтерген талай саңлақ шықса, солардың алтын өзегі Сыр бойынан бастау алады. Дәулет Төлегенов – құтты мекеннің сазды мақамын бүгінге жеткізіп келе жатқан термеші жырау.

Сырдан сыр алған жырау

Жаңадарияның жусан иісі аңқыған топырағында дүние есігін ашқан ол бала күнінен-ақ сөз киесін, домбыраның қоны үніне жақын есті. Нақышы терең нағашы әжесінің жыраулық жолы бұл әулетке біткен киелі қазынадай еді. Сөздің салмағын, әуеннің әдеп-өлшемін сол кісінің өнегесінен бойына сіңірген ұрпақ үшін жыр жат дүние емес, жүрекке жақын тіршілік болатын. Ал анасы Сәрсенкүл – әншіліктен құр алақан емес, үнімен үйдің берекесін кіргізген, әуенімен тіршілікті әрлеген жан.

Сәрсенкүл ананың шаңырағында қонақ қадірлі болды. Үйге бас сұққан жан сыбағасыз шықпайтын, қазанын оттан түсірмей, көңілін кең ұстаған кісі деседі. «Өнер адамының қаттысы болмайды» деп созды дауысын кейіпкеріміз. Сол жұмсақ мінез, сол мейірім – ән мен жырдың нәрі болып, бала Дәулеттің санасына сіңіп қалған. Ән мен жырды асастыра білген ананың тәлімі жиыраулық өнер жолындағы ең асыл мектеп еді. Шәмшінің сазына келгенде «мотивін анамнан үйрендім» деп қысқа қайырды.

Аудандық мәдениет үйінде өткен жылдар өнерге шыңдалған, сахна мінезін таныған кезеңі десек те болады. Актёрлік болмысы образды ойлаумен асасып, көрерменмен үнсіз тіл табысуды үйретті. Сол сахнада жүріп, «Алтын Арай» халықтың ән-би ансамблінің әншісі ретінде де танылды. 2010 жылы туған жердің топырағы тартып, Жаңадарияға оралды. Шыңдалған тәжірибе, халықтық өнерден

алған тағылым туған елде тыныс тапты. Бұл жай ғана қоныс аудару емес, рухани парызға адалдықтың белгісі еді. Ауылдың мәдени өміріне жан бітіріп, ауылдық клубтың меңгерушісі ретінде елдік істің тізгінін ұстады.

Қазір денсаулығы сыр бергенімен, асыл мұраны тастау – оның табиғатына жат. Өйткені өнер – бұл кісінің тағдыры, жыр – жүрекке жүктелген аманат. Шын өнер иесін уақыт жеңе алмайды. Ол шаршаса да шегінбейді, тоқтаса да тынбайды. Сол қайсарлық пен адалдық соңғы жылдардағы жетістіктерінен айқын көрінеді.

2024 жыл оның өнер жолындағы тағылымды белесіне айналды. Талдықорған төрінде өткен «Қара өлең құлагері» атты республикалық байқауында алған екінші орын – жыраулық дәстүрдің бүгінде өміршең екенін айқындады. Сол жылы Мадина Ералиеваның 70 жылдығына арналған «Ақбаян» облыстық байқауында да жүлделі бірінші орын иеленді. Ал Қызылорда қаласында Темірбек Жүргеновтің 120 жылдығына арналған мәдени шарада көрсеткен өнері – тарих пен тағдырды жыр арқылы сабақтастырған сәт болды. Былтыр ғана Алматы қаласында өткен Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арнай өткен республикалық «Майданға хат» атты байқауында Әбәли Егізбаевтың хатын орындады. Онда оқ пен оттың ортасындағы сарбаздың сағынышы, елге деген іңкәрлігі, өмірге деген үміті бар

болатын. Сол хатты жыр тілімен жеткізе отырып, ол бір дәуірдің тынысын бүгінгі ұрпаққа сезіндірді.

Сыр бойының сөзге тоқтаған шайырлары салған сүрлеу оның жадында жыр болып жаңғырды. Тұрмағанбет, Кете Жүсіп, Балқы Базар сынды жыраулардың шығармаларын жырлауы өткенге бой ұру емес, болашаққа аманаттау деп біледі. Түсінген адамға жырдың берері көп дейді ол. Себебі жырдың әр жолында өмірдің сабағы бар, уақыттың сыны бар, адамды адам ететін мінез бар. «Жасында көрмегеннің өскенде айтары» жоқ дейді кейпкер.

– Жыр – тұнған тәрбие. Үлкендіктен бәріміздің үмітіміз бар. Өкшемізді басып келе жатқан артымыздан ергендерге айтарымыз болсын деп жаттадым, – дейді де бекер емес.

Сыр сүлейінің ғұмыры дала мінезімен біте қайнасқан. Ол – көкпарға қатысып, түлпар дүбірінен рух алатын, кең өлкенің дархандығын жүрегіне сыйдырған жан. Ауласында төрт түлкіті баптап, малдың жайын күіттеуі атақесіптің үзілмеген жібіндей. Өзінен тараған кішкентай бүлдіршіндер тілі енді ғана былдырлап шықса да, әкесі қолына домбыра ала бергенде маңайына үйіріле қалды. Қасиетті аспапты кеудесіне таяп, қос ішекті баяу қаға бастады. Қоңыр үнді естіген бала жүрегі өлденені танығандай, көздерінде бір ұшқын байқалады. Домбыра сарыны үй ішін ғана емес, ұрпақтың жадын да тербетіп тұр. Ағаштан жасалған саз се-


рігінің бетінде бедерленген сәйгүлік бейнесі жыр ырғағымен бірге қозғалып кеткендей әсер қалдырады. Әр қағыста түлпардың тұяғы қара жерді дүбірлетіп, кең даланы кезіп өткендей. Сөз өкіпі күшейген тұста жыр да шабысына мінеді. Ой да алысқа құлаш сермейді.

Жыр – жанның шындығы. Жырау барда жыр бар. Жыр барда рух бар. Рух өлмеген жерде халықтың еңсесі ешқашан түспек емес. Бұл өнерді қанша уақыт өтсе де шаң басқан жоқ, керісінше әр дәуір өз үнімен байытып, жаңа тыныс беріп жүр. Қазақтың көне сөзінде жыр елді түзеткен қуат деп танылса, Сыр бойының жыраулығы сол қуаттың ең таза қайнары болып қала береді. Бүгінгі жырау – кешегінің көлеңкесі емес, сол ұлы жолдың заңды жалғасы. Ол жырды сахналық көрініс үшін ғана емес, санаға сәуле, жүрекке тәрбие болсын деп айтады. Сыр жырында асығыстық жоқ, бірақ терендік бар. Айқай жоқ, бірақ айтары мол. Сондықтан бұл өнерді тыңдаған жан сөзге ғана емес, өзіне есеп беріп тарайды.

Дәулет Амантайұлы сынды жыраулардың болмысы – осы дәстүрдің тірі екендігінің айқын дәлелі. Ол өткенді ғана сөйлетпейді, бүгінді жырмен түзейді, ертеңге жол сілтейді. Жыраулықты жанына серік еткен қазақы өнерге адалдық барда ұлттың рухани әлемі өз биігінен ешқашан төмендемеуі емес.

Өнер – уақытқа бағынбайтын тылсым тіл. Ол дауыстап сөйлемейді, бірақ жүрекке тікелей әсер етеді. Суретші сол тілдің аудармашысы секілді. Шынында, бұл өнер иелері қылқалам арқылы жыр жазады, сөзсіз сыр айтады, бояумен ой бедерлейді. Бүгінгі кейіпкер – сол үнсіз поэзияның иесі.

Қылқаламға адал ғұмыр



Ауданға қарасты Далдабай елді мекенінде дүниеге келген Жұматай Серікбайұлының бойындағы қабілет жастайынан аңғарылды. Жаңабай көлінің жағасын мекендеген қарапайым ауыл баласы табиғатпен тіл табысып өсті. Ата-анасы қызылша ауруына байланысты мектепке екі жыл кеш жіберсе де, бойындағы дарын уақытқа бағынбады. Мектеп қабырғасында жүріп-ақ қабырға газетін ұйымдастырып, суретпен ой айтуға ұмтылған жас өреннің талабына әкесі бастапқыда тосқауыл болған деседі.

– Бір күні бөлмеде үнсіз ғана сурет салып отырған үстінде түсті. Сынып жетекшісінің тапсырмасын жерге қалдырмайын деген балалық жауапкершілік қой мендегі. Үстел үстіндегі сызбалар бір сәтте сыпырылды. Әкем өзі қатал кісі «өтірік айтуға болмайды» ғой деп сол кездегі темір пешке бүктеген күйде салып жіберді. Ол уақыт – адам үшін сурет деген жын-шайтан ісі деп оғаш қарайтын кез. Бертін келе мұғалімім жеке сөйлескен болуы керек, шақырып рұқсатын берді. Монтин деуге тілі келмей, бұрап «Он тиын» болды ұстазым. Не керек, сол кісінің ықпалымен қайта қолыма қалам ұстауға келісім алдым. «Балам, керек-жарақтарыңды ал жете ме?» деп 3 сом ұстатқаны әлі есімде, – деп алысқа көз байлаған күйі баяндап отыр.

1971 жылы аудан орталығындағы №123 орта мектепті ойдағыдай тәмамдаған жас талапкер Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуге Қурчатовқа келеді. Тарихтың ең күрделі, ең салмақты беттерін бетпе-бет келген сын сағатта «Атом солдаты» атанды. Келген бойда 1975-1979 жылдары Шымкент қаласындағы Ә.Қастеев атындағы көркемөнер училищесінің сурет-сызу бөлімінде білім алады. Өнерге деген іңкәрлік пен ұстаздыққа деген ішкі жауапкершілік оны қайтадан өзі түлеп ұшқан білім ордасына алып келеді. Сөйтіп алтын уяда мұғалімдік қызмет атқарып, талай жасөспірімнің өнерге деген көзқарасын қалыптастырды. Бойындағы білім мен табиғи дарынның арқасында 1993 жылы аудандық суретшілер мектебіне директор болып тағайындалып, 1998 жылға дейін абыроймен атқарды. Еңбектегі алғашқы табысы да елеусіз қалмаған. 1975 жылы кабинет безендіру жұмысы алғаш қолға алынып жатқанда еңбегі облыстық білім бөлімінің «Жұрмет» грамотасын еншіледі.

Өнерге бастар жол кейде қарапайым беттен басталады. Ең алғаш Крылов мысалдарының аудармасындағы суретті бейнелеуден басталған бала Жұматайдың өнерге деген сапары сол сәттен бері жалғасып келеді. Бүгінде ол – өз жолын тапқан шебер ғана емес, талай шәкірттің жүрегіне өнер отын жаққан ұлағатты ұстаз. Ол шәкірттеріне сурет салуды ғана емес, көре білуді, сезіне білуді үйретіп келеді. Өйткені нағыз ұстаз – өнердің өзін емес, оның рухын табыстайтын тұлға.

– Оқушылар үйінде ұстаз болып жүрген шағым еді. Бір күні көрші кабинеттен жеткен айқай көңілдіміз алаңдатты. Не болғанын білмекке кіріп барсам, бір мұғалім есепті дұрыс түсінбеген оқушыға қатқыл сөйлеп жатыр екен. Жаным ашып, баланы оңаша шақырып алып, сөйлесіп, «Онда маған келсін» деп өз сыныбыма ертіп әкелдім. Сол үндемей ғана сурет салған бала Орал – қазір аудандағы сурет үйірмесінің жетекшісі. Өнер арқылы өзін тапқан, өзеге жол көрсетіп жүрген азамат, – дейді шәкірттерінің бүгінгі жетістігіне дән ризашылықпен жымияп.

Бұл – жүрегі жұмсақ, жаны жайдарлы ұстаздың адам тағдырына бейжай қарай алмаған бір сәттік шешімінен басталған тағылымды оқиға. Өнер иесінің жаны нәзіктігін әуел бастан аңғардық. Сұхбат үстінде ары-бері жүгіріп, мазасызданған нәмерелеріне бір қабақ шытпаған күйде әңгімесін баяндап отыр.

Сурет майталманының өнерінен өнеге алған тәлім алушылар қарасы көп. Бүгінде еліміздің бір тарапында бір – суретші, бірі – білікті зергер. Солардың қатарында Мейрамбек Құтанов есімін ерекше айтып, харикатура жанрындағы шығармаларын мақтанышпен жоғары бағалайтынын жасырмады. Жалағаш жұртына аты кеңінен танымал Жұматай Қорғанбаев алдынан өткен оқушылар ел асып, шет мемлекеттерде де бақ сынап үлгерген.

Бүгінде ол – зейнеткер. Бірақ қоғамдық өмірден шет қалған жан емес. Қазіргі таңда «Невада-Семей» қоғамдық бірлестігі төрағасы ретінде елдік мәселелерге үн қосып, азаматтық ұстанымын берік ұстап келеді. Қоғамдағы, әсіресе білім жүйесіндегі өзгерістерді қалт жібермей бақылап отыратыны да сондықтан. Сөз арасында сызу мен сурет пәндерінің еңбек сабағымен біріктірілуіне ерекше қызығшылық білдірді. Оның пайымынша, бұл – өнерге ғана емес, болашақ мамандықтың өзегіне балта шабумен тең. Өнер – қосымша емес, ұлттық ойлау жүйесін қалыптастыратын іргелі сала. Бесіктен басталатын тәрбиенің бір тармағы баланың көркем ойы мен эстетикалық талғамы емес пе? Фабит Мүсірепов айтқандай, «Өнерсіз халық – тамырсыз ағаш». Ал сол тамырды әлсірету – ертеңгі ұрпақтың болашағына жасалған қиянатпен пара-пар. Сондықтан бұл өзгерісті жай ғана оқу бағдарламасындағы түзету емес, ұлттық сананың тұтастығына төнген қауіп ретінде қабылдайды. Өнерді жүрекпен түсінетін жан үшін сызу мен сурет – тек пән емес, адамды адам ететін рухани мектеп. Сол мектептің есігі тарылмаса екен деген алаң – өмірін өнер мен ұстаздыққа арнаған азаматтың азаматтық үні.

Кейіпкеріміз жаз шыға ауладағы шағын шеберханасына бет алады. Балаларының балғын арманына қол сұқпаған кейіпкер мамандық таңдауды олардың өз еркіне салыпты. Ұлы әскери қызметті таңдаса, әке жолын жалғаған қыздары бүгінде мектеп қабырғасында шәкірт тәрбиелеп келеді. Өмірдің мәні артта із қалдыру болса, оның қалдырған ізі – шәкірт санасына ұялаған сенімде. Сондықтан бұл ғұмыр – жай ғана өмірбаян емес, тұтас бір бұйыға бағыт-бағдар беретін өнегелі жол.

Бетті дайындаған
Гүлжан ЕСЖАН

Еңбек адамы

Қолөнер шебері Құдайберген

Қазақы қолөнер – уақыттың тезінен өтсе де тозбай, заман ауысса да мәнін жоғалтпай келе жатқан рухани байлық. Еңбекке жан біткенде ғана өнерге айналады. Ағашты сөйлетіп, темірді идіріп, киізге жан бітірген сол қолдың табында ғасырлар ізі жатыр. Қазіргі уақытта фабрикалық өнім көбейген тұста қолдан жасалған бұйымның қадірі бұрынғыдан да арта түсті. Себебі ондай дүниеде жылу бар, жан бар, тарих бар. Ұлттық қолөнерді серік етіп, киесін жоғалтпай келе жатқан Құдайберген Қойшығұлов – өткен мен бүгіннің арасын жалғаған алтын көпір.

Сұхбатқа бет алып, аулаға енген сәттен-ақ мұнтаздай ұқыптылық қарсы алды. Үй иесінің мінезі мен талғамы табылдықтарын аңғарылады деген осы болса керек. Кіреберісте қаз-қатар тізілген гүл қойғыштар әп сәтте жанарыңызды өзіне тартып, аялдаптай қоймайды. Қыс мезгілінде гүлдеп тұрған қандай гүл болды десем, жасанды болып шықты. Ең қызығы, құдды бір ваза секілді көрінетін бұл гүл салғыштар қарапайым матаны цементпен араластырып, шеберлікпен қатыру арқылы жасалыпты. Қалыңқа қалай деп түскені беймәлім, бірақ әрбір бұйымның жиегі тәртіппен иректеліп, көз сүйсінер нақыш тапқан.

Одан сәл ілгері аттасаңыз, аула көркін айшықтап тұрған төртбеткіш көзге шалынады. Соның дәл төрінде қақ-бырғалары ағаштан ойылып жасалған сөкі орын тепкен. Сан үшін ғана емес, мән үшін жасалғандай. Қолөнердің күдіреті де осында шығар, көзге көрініп қана қоймайды, көңілге қонады. Осындай дүниелерді көргенде қазақы аула деген ұғымның өзінде қаншама мәдениет пен рухани терендік жатқанын еріксіз мойындайсың.

Құдайберген Қалданұлының өмір жолы еңбекпен өрілген шежіре секілді. Аудан орталығындағы орыс мектебін тәмамдап, 1976 жылы екі жыл әскери борышын абыроймен өтеп оралған ол елге келген бетте жүрек түкпірінде күлті болып жатқан өнерге біржола бет бұрып, Ақтебе шаһарына жол тартты. Суретші-безендіруші мамандығын меңгерген төрт

жыл оның ішкі әлемін айқындап, қолына бағыт берген кезең болды.

Еңбек жолын кітапхана төрінде бастауы да тегін емес. Кітаптың тынысы, ойдың терендігі оның болмысына жақын еді. Бала күнінен көргенін көшіруге, қиялынан бейне салуға әуес болған қызығушылық уақыт өте нақты іске айналды. Өнер аяқ астынан қона салмайды, адам мінезімен бірге пісіп-жетіледі. Кейіпкеріміздің шеберлігі де солай қалыптасты.

Бүгінде зейнеткерлікке шықса да, оның тіршілігі тынышпаған жоқ. Қазір өз ауласындағы шағын шеберхана – күнделікті еңбегінің киелі ордасы. Таңғы шайдан кейінгі уақыт түгелдей осы жерде өтеді. Қолы қалт етсе, қарап отыру оған жат. Шебердің қолынан бесік те шығады, үстел де жасалады, балабақшаға арналған орындықтар да туды. Күнделікті тұрмыстық қарапайым дүниелер – ожау мен күбі де оның қолында өзгеше мәнге ие болады. Әр бұйымда байып бар, әр қимылда сабыр бар.

Шеберханаға бас сұққан сәттен ағаштың сәл ғана тұнған, бірақ айрықша жұпары аңқыды. Кіреберіс жақта тұрған темір үстелге орнатылған ағаш жонғыш құрылғы осы кеңістіктің тынысын айқындап тұр. Әуелі ағаш толық кептіріледі. Шебер үшін бұл – ең жауапты кезең. Өйткені шикі материалдан мінезді дүние тудымайтын ол жақсы біледі. Содан кейін ғана жоңғыш құралға салынып, біртіндеп қажетті құралға келтіріледі. Әр айналамыда ағаштың қалыңдығы ғана емес,



болашақ бұйымның бейнесі айқында-ла түседі. Дайын пішін шыққан соң ғана бұйым лакталады. Шебердің өзіне керекті сыймандары да осында. Терезе маңында қазақы жер үстелдің аяқтарын ойып жасауға арналған арнайы құрылғы тұр. Жанындағы жасыл орындықта жайыла жатқан ағаш бөлшектерге қарап әлі аяқталып үлгермеген жұмыс деп бағамдадық. Соңғы кездері тұрмыста кең қолданыс тапқан киім ілгіштердің ағаштан жасалған жаңа нұсқасын да шебер ой елегінен өткізіп, өз қолымен өмірге әкеліпті. Қажет болған-да әлеуметтік желіден көріп-біліп, өз қиялымен байытып, жаңа дүние тудырады. Бұл – тынымсыз ізденістің көрінісі.

– Қазіргі уақытта ағаш бұйымдарының қадірі лайықты бағалана бермейтінін көңілге кірбің түсіреді. Жылтырақ дүниенің тасасында табиғи материалдың жөні бөлек екенін ұмытып бара жатқандаймыз. Бүгінгі күннің жыл-

дам ырғағында қолөнердің бағасы көмескі тартқандай, десе де, еңбектің қадірін шынайы ұғатындар да бар. Олар жарнама іздемей-ақ өздері хабарласып, ұнатқан бұйымын алып жатады, – дейді ол.

Қазақтың өнері өлмейді деген сөзі осындай шеберлер арқылы шындыққа айналып отыр. Бүгінгі таңда қолдан жасалған бұйым бағасы базардағы санмен емес, санадағы салмақпен айқындалады. Қолөнерді таңдайтын адам өткенін ұмытпайды. Осы тұрғыда қазақ қол туындысы – ұрпақты тәрбиелейтін үнсіз ұстаз. Құдайберген Қалданұлы сынды шеберлер даңқ үшін емес, болмыс үшін еңбектенеді. Олар үшін ағаш – материал ғана емес, сырлас. Ол өткенді ұстап, бүгінді түзейді, ертеңге із қалдырады. Мұндай із жарнақтап емес, тереңге тамыр жары жақ.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет эр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 87242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2983 Тапсырыс №31

Кезекші редактор: Гүлжан Есжан

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru